

Әлемнің Екінші Ұстазы атанған, «Әбу Насыр әл-Фарабидің» ғылыми еңбектерін зерттеп, жарыққа шығаруға, отандық Фараби зерттеулерінің қалыптасуына сүбелі үлес қосқан Ақжан Машани, Ағын Қасымжановтармен бірге көрнекті ғалым педагогика ғылымының докторы, профессор, математик, ғылым тарихшысы Ауданбек Көбесовтің де есімін еске алсақ болады.

Ғалым өткен ғасырдың 60-70 жылдары философия ғылымының докторы профессор Ағын Хайроллаұлы Қасымжанов жетекшілік жасаған, Қазақ Ұлттық Ғылым Академиясының жанынан құрылған «әл-Фараби мұраларын зерттеу» тобының құрамында отандық фарабистиканың негізін қалаушылардың бірі болды. Ауданбек Көбесов 1969 жылы берген сұхбатында: «Фараби еңбектерін жинастырып, зерттейтін топтың құрылғанына оншама көп уақыт өткен жоқ. Сөйтсе де осы салада бірқатар міндеттерді белгілеп алдық. Қазір жұмысты екі бағытта жүргізудеміз. Бірінші, Фарабидің қоғамдық ғылымдар саласындағы еңбектерін жинап, зерттеу. Бұл топқа философия ғылымдарының докторы Ағын Қасымжанов жетекшілік етеді. Екінші, Фарабидің табиғат ғылымдары саласындағы еңбектерін жинап- зерттеу. Фараби физика, математика, астрономия-астрология ғылымдары саласында бағалы еңбектер жазған. Бұның бәрі де араб тілінде жазылған. Өкінішке орай, араб тілін білетін математик ғалымдар аз», – деп баяндай отырып, мәселе көтереді. Советтік кезеңде идеологиялық иінге қайыспай, әл-Фарабидің жаратылыстану саласы бойынша мұраларын зерттеудің іргелі бағытын қалыптастыруға зор үлес қосқан ғалымдардың бірі Ауданбек Көбесов болғаны ақиқат. Әл-Фарабидың математик, жаратылыстанушы ретіндегі қырын ашқаннан кейін, оның физик, астроном ретіндегі келбетін де ашқан осы Ауданбек Көбесов. Бұған қоса әл-Фарабидың медицина мен биологиядағы, химиядағы, тіпті географиядағы үлестерін негіздеген ғалым. Дегенмен Ақжан Машани мен Ауданбек Көбесовтің бастамасымен, табанды ыждағатымен қолға алынған әл-Фарабидің жаратылыстанулық мұраларын зерттеу барысы осы күнде баяулап қалғаны, бұл бағытта зерттеу жүргізетін мамандардың тапшы екендігі жасырын емес.

2022 жылдың 10–11 ақпанында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Философия, саясаттану және дінтану институтының ұйымдастыруымен Ауданбек Көбесовтың 90 жылдығына арналған «Ауданбек Көбесов – әл-Фарабидің философ-ойшыл, математик, жаратылыстанушы, педагог екендігінің шынайы бейнесін жасаушы және заманауи білім мен тәрбие» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Конференцияға қатысушылар Ауданбек Көбесовтің ғылыми мұрасы мен мирасы және фарабитануға қосқан үлесін жан-жақты сарапқа салды, ғалым зерттеулерінің өзектілігін, маңыздылығын атап көрсетті. Ұйымдастыру комитеті конференция жұмысына қатысушы ғалымдар мен зерттеушілердің пайымдаулары мен ой-пікірлеріне сүйене отырып, келесі ұсыныстарды ұсынады:

## Ұсыныстар:

Көрнекті ғалым, математик, фарабитанушы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ауданбек Көбесовтің 2027 жылы өтетін 95 жылдық, 2032 жылы өтетін жүз жылдық мерейтойына дайындық жұмыстарын қазірден қолға алу;

Әл-Фарабидің философ-ойшыл, математик, жаратылыстанушы, педагог екендігінің шынайы бейнесін жасаушы Ауданбек Көбесов мұрасы арқылы Екінші Ұстаз идеяларының жаһандану жағдайындағы мәдени әмбебап мәндердің, әлеуметтік өмірдің бітім-болмысы мен құндылықтық бағдарлардың өзгеріске ұшыраған адамзат тарихындағы сындарлы кезеңіндегі жаңа дүниетанымдық идеялардың негізі ретінде байыптау;

Ауданбек Көбесов зерттеулерінің әдіснамалық, жалпы гуманитарлық маңызы мен оның шығармашылығын өзекті ғылыми зерттеулер мен инновациялық білім беру үдерістерінде пайдалану деңгейін арттыру;

Ауданбек Көбесовтің Фарабитану арнасындағы тұжырымдарын концептуализациялау арқылы Қазақстан қоғамның дамуының рухани, тарихи және философиялық негіздерін, дәстүрлерді және олардың қазіргі ғылымдағы көріністерін негіздеу;

Рухани мәдениеті дамыту басымдықтары мен Ауданбек Көбесовтің әл-Фарабидің ғылыми мұрасын жан-жақты зерделеуін зерттеу аясында қазақстандық ұлттық идея мен қазақстандық отансүйгіштікті қалыптастыру бойынша ғылыми-практикалық және методологиялық ұсыныстар әзірлеу;

Ауданбек Көбесовтің ғылыми шығармашылығын талдау арқылы қазақ топырағындағы ғылыми ойдың дамуының негізі кезеңдерін анықтау, Қазақстан қоғамының интеллектуалдық келбетінің қалыптасуының тарихи және құндылықтық негіздерін айқындауды іргелі зерттеу саласы ретінде қалыптастыру;

Ауданбек Көбесов шығармашылығының маңызды бағыты болған Ортағасырлық Орталық Азия ғұламаларының мирастарын және сол тұста білім мен ғылымның қалыптасуына ықпал еткен тетіктерді кешенді түрде зерттеу;

Ауданбек Көбесов шығармашылығы арқылы Ортағасырлардағы Орталық Азия ғалымдары мұраларының отандық білім мен ғылымның дамуындағы маңызын жан-жақты ашып көрсету және олардың әлемдік ғылыми ойдың даму үрдістеріне тигізген орасан зор ықпалын жүйелі түрде дәйектеу;

Жас оқырманға әл-Фараби, Бируни, ибн Сина, Омар Хаям, Нәсір әд-Дин әд-Туси, Самарқанд жұлдыздарының ғылыми өмірлері мен жетістіктерін, тарихи тамырының тереңдігін ұқтырып, ғылым ғаламына құштарлығының ерте оянуына септескен Ауданбек Көбесовтің «Сөнбес жұлдыздар» сериясын есімдері әлі көпшілікке таныс емес немесе беймәлім орталықазиялық ғалымдар шығармашылығын зерделеген туындылармен жалғастыру;

Ауданбек Көбесов шығармашылығы арқылы әл-Фарабидің жаратылыстанулық мұрасы бойынша араб және өзге де шет тілдерін білетін кәсіби сала мамандарын даярлауға мен жаңа сыни аудармаларды жасауға, осылайша ғалымдар сабақтастығын қалыптастыру тұрғысында жүйелі жұмыс

істеуге бет алу және мұны Абай атындағы ҚазҰПУ Информатика және білімді ақпараттандыру кафедрасы мен Әл-Фараби білім беру орталығының ғылыми-зерттеу жұмысының тұрақты бағыты ретінде бекіту;

Ауданбек Көбесовтің шығармаларының толық жинағын әзірлеп, баспадан шығару;

Ауданбек Көбесовтің орыс тілінде жазылған зерттеулерін толық қазақ тіліне аудару;

Ғалымның «Математическое наследие аль-Фараби» және де фарабистика бағытындағы еңбектерін жинақтап, ағылшын тіліне аударып, таңдамалы жинақ ретінде жариялату, осы арқылы отандық фарабитанушылардың зерттеулерін халықаралық ғылыми қауымдастықта насихаттау және тарату;

Ғалым шығармашылығын білімгерлерге магистрлік және докторлық диссертациялардың тақырыптары аясында зерттеуді ұсыну;

Екі жыл сайын Ауданбек Көбесовке арналған студенттік ғылыми жұмыстардың конкурсын ұйымдастыру;

Ауданбек Көбесов зерттеулері арқылы мектеп оқушыларын әл-Фарабидің энциклопедиялық мұрасымен таныстырудың жаңа тәсілдерін бағамдау және факультатив ретінде оқытылатын «Әл-Фараби мұрасы» пәнін негіздеп, арнайы оқулығын әзірлеп, қажетті әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету;

Интернеттегі kobesov90.kaznpu.kz доменін audanbekkobesov-ке (akobesov; kobesov) ауыстырып, Ауданбек Көбесовтің жарияланған, жарияланбаған барлық еңбектерін, зерттеулерін, мақалаларын жинақтап, сандық форматқа көшіру; осылайша ғалым мұрасын оқырмандарға қолжетімді ету;

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде екі жылда бір рет Көбесов дәрістерін ұйымдастыру, үздік жас ғалымдарға Ауданбек Көбесов атындағы стипендия тағайындау;

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Ауданбек Көбесов атын арнаулы дәрісханаларға беру мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізу;

Ауданбек Көбесовтің есімін мәңгі есте қалдыру және ғалым мұраларын насихаттау, жас өскіннің ғылымға деген құштарлығын ояту мақсатында Ауданбек Көбесовке туған жерінде мектепке атын беру, Алматы қаласында көше атын беру.